«БЕКІТЕМІН:» ____________
«Тополёк» б/б меңгерушісі:
Жармағамбетова Т.Ж.

# Тәрбиелеу-білім беру процесінің перспективалық жоспары

**(4- жас ересек топ)**

Тәрбиешілері:Бегимова А.К.
Алтыбаева С.Т.

**2022-2023ж.**

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде 2022 - 2023 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары**

Білім беру ұйымы №1 «Тополек» бөбекжай балабақшасы

Топ: ересек топ

Балалардың жасы: 4 жасар

Жоспардың құрылу кезеңі: қыркүйек айы, 2022-2023 оқу жылы.

| **Айы** | **Ұйымдастырылған іс әрекет** | **Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері** |
|---|---|---|
| **Қыркүйек** | **Дене шынықтыру** | **Негізгі қимылдар:**<br>**Жүру**. Өкшемен, аяқтың сыртқы қырымен.<br>**Жүгіру.** Аяқтың ұшымен,тізені жоғары көтеріп.<br>**Еңбектеу.** 10 метр дейінгі қашықтыққа.<br>**Лақтыру,домалату. Қағып алу:** заттардың арасымен жоптарды және құрсауларды бір-біріне домалату.<br>**Секіру. Бір орында тұрып, қос аяқпен.**<br>**Ырғақтық жаттығулар**:<br>Таныс, бұрын үйренген жаттығуларды және қимылдарды музыкамен сүйемелдеу арқылы орындау.<br>**Спорттық жаттығулар**:<br>Велосипед тебу: екі немесе үш дөңгелекті велосипед тебу,оңға,солға бұрылу.<br>**Қимылды ойындар:**<br>Доптармен секіргіштермен,құрсаулармен ойындарда балалардың белсенділігін дамыту.<br>**Дербес қимыл белсенділігі**:<br>Балалардың доптармен, қозғалатын ойыншықтармен,құрсаулармен ойындарын қолдау.<br>**Салауатты өмір салтын қалыптастыру:**<br>Тамақтану тәртібін сақтаудың және көкөністермен жемістердің,дәрумендердің адам ағзасына пайдасы туралы түсінік беру.<br>**Мәдени- гигиеналық дағдылар**:<br>Балаларды ұқыптылыққа,тазалыққа,өзінің сыртқы келбетін қадағалауды әдетке айналдыруға баулу.<br>**Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдылары:**<br>Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын:өз бетінше киіну мен шешінуді,тісін тазалауды жетілдіру.<br>**Сауықтыру-шынықтыру шаралары.**<br>Шынықтырудың барлық түрлерін, жалпы және жергілікті су шараларын жүргізу: дымқыл шүберекпен сүртіну,аяқтарды,денені шаю,әрбір тамақтанғаннан кейін ауызды шаю. |
| | **Жүзу** | |
| | **Сөйлеуді дамыту** | **Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.**<br>Дауысты, дауыссыз дыбыстарды дұрыс айту дағдыларын |

| | | |
|---|---|---|
| | | бекіту,үнді және ызың (р,л)дыбыстарды анық айтуды жаттықтыру.<br>**Сөздік қор.**<br>Айналасындағы заттармен сөздік қорды кеңейту:тұрмыстық заттар және қоршаған орта заттарының қолданылу маңыздылығын түсіну;<br>**Тілдің грамматикалық құрылымы**<br>Сөйлемдегі сөздерді байланыстыруға, көмекші сөздерді дұрыс қолдануға үйрету. |
| | **Көркем әдебиет** | Балалардың түрлі әрекеттерінде ертегілерді, әңгімелерді, өлеңдерді тыңдауға, көркем сөзге, кітапқа қызығушылыққа баулу. |
| | **Қазақ тілі** | **Тілдік дамытушы орта:**<br>Айналасындағы өзін қоршаған ортадан тыс заттармен құбылыстар,оқиғалар туралы ақпараттарды алуға және оларды талқылауға мүмкіндік беру.<br>**Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті:**<br>Артикуляциялық және дауыс аппаратын,сөйлеуде тыныс алуды,фонематикалық естуді,анық және қалыпты қарқынмен сөйлей білуді дамыту.<br>**Сөздік қор:**<br>Қоршаған ортадағы заттармен өсімдіктердің ,жануарлардың,құстардың табиғат құбылыстарының,тұрмыстық заттардың атауларын білдіретін сөздерді түсіну және атау дағдыларын қалыстастыру.<br>**Тілдің грамматикалық құрылымы:**<br>Сөздерді жіктеп,тәуелдеп,септеп қолдана білуге үйрету. |
| | **Математика негіздері** | **Жиын:** баларға жиын,оның әр түрлі түстегі,пішіндегі,өлшемдегі заттардан тұратындығы туралы түсінік беру.<br>**Сан, санау:** 5-ке дейін реттік санау дағдыларын дамыту, реттік сан есімдерді атау.<br>**Шама:** заттар шамасы бойынша әр түрлі болатындығы жайлы түсінік беру.<br>**Геометриялық пішіндер:** балалрды геометриялық фигураларды (дөңгелек,үшбұрыш,төрт бұрыш) танып атай білуге үйрету.<br>**Кеңістікте бағдарлау:** кеңістік бағдарларын өзіне қатысты бағдарларын анықтау.<br>**Уақытты бағдарлау:** |
| | **Құрастыру** | Құрылыс материалдарынан, «лего» конструкторлардан құрастыру. |
| | **Қоршаған ортамен таныстыру** | **Бала, оның отбасы, үй:**<br>Баланың «Мен» бейнесін қалыптастыру. Баланы өсіп, жетілген ересек бала ретінде қабылдау, оның ойын ашық білдіруге мүмкіндік беру, келісім білдіру, жеке басын құрметтеу. Оның өсуі мен дамуы, өткені, бүгіні және болашағы туралы |

| | | |
|---|---|---|
| | | түсініктерді қалыптастыру («Мен кішкентай болдым, мен өсіп келемін, мен ересек боламын»). Мектеп туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру (мектепке баруға ынтасын, қызығушылығын арттыру). Өзінің атын, тегін, жасын, жынысын атай білуге үйрету, өзін құрметтеуге, өз қадір-қасиетін сезінуге, өзіне деген сенімділікке тәрбиелеу.<br>Отбасы туралы, отбасының ересек мүшелерінің еңбегі туралы білімдерін жетілдіру. Отбасындағы үлкендерді сыйлауға, құрмет көрсетуге, кішілерге қамқорлық жасауға, отбасын, отбасылық дәстүрлерді бағалауға баулу. Жақын туыстарын білуге, олардың есімдерін атауға үйрету, отбасындағы сүйікті адамдары, отбасылық мерекелер, салт-дәстүрлер туралы әңгімелеу, өзінің жақындарына мақтаныш сезімін білдіру. |
| | **Сурет салу** | Жеке заттарды және бірдей заттарды қайталап салу және олардың қасына басқа заттарды бейнелеу арқылы сюжеттік композицияларды салу. Сюжетті композицияларды салу кезінде әрбір затқа тән ерекшеліктерді,олардың бір-біріне арақатынасын беру. |
| | **Мүсіндеу** | Мүсіндеуді қызығушылықпен орындайды;<br>ермексаз,сазбалшық,пластикалық,кесектерден әртүрлі тәсілдерді қолданып,бейнелерді мүсіндейді. |
| | **Жапсыру** | **Жапсыру бойынша:**<br>Қайшыны дұрыс ұстайды және оны қолдана алады. |

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде 2022 - 2023 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалықжоспары**

Білім беру ұйымы №1 «Тополек» бөбекжай балабақшасы

Топ: ересек топ

Балалардың жасы: 4 жасар

Жоспардың құрылу кезеңі: қазан айы, 2022-2023 оқу жылы.

| Айы | Ұйымдастырылған іс әрекет | Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері |
|---|---|---|
| Қазан | **Дене шынықтыру** | **Негізгі қимылдар:**<br>**Жүру**. Адымдап,жан-жаққа қосалқы қадаммен (оңға,солға).<br>**Жүгіру.** Адымдап жүгір,сапта бір-бірден.<br>**Еңбектеу.** Заттардың арасымен тура бағыт бойымен.<br>**Лақтыру,домалату. Қағып алу:** заттарды қашықтыққа лақтыру.(3,5-6,5 арақашықтықта)<br>**Секіру.** 2-3 метр қашықтыққа алға ұмтылып қос аяқпен.<br>**Ырғақтық жаттығулар:**<br>Таныс,бұрын үйренген жаттығуларды және қимылдарды музыкамен сүйемелдеу арқылы орындау.<br>**Спорттық жаттығулар**:<br>Велосипед тебу: екі немесе үш дөңгелекті велосипед тебу,оңға,солға бұрылу<br>**Қимылды ойындар:**<br>Доптармен секіргіштермен,құрсаулармен ойындарда балалардың белсенділігін дамыту.<br>**Дербес қимыл белсенділігі**:<br>Балалардың доптармен, қозғалатын ойыншықтармен,құрсаулармен ойындарын қолдау.<br>**Салауатты өмір салтын қалыптастыру:**<br>Тамақтану тәртібін сақтаудың және көкөністермен жемістердің,дәрумендердің адам ағзасына пайдасы туралы түсінік беру.<br>**Мәдени- гигиеналық дағдылар**:<br>Балаларды ұқыптылыққа,тазалыққа,өзінің сыртқы келбетін қадағалауды әдетке айналдыруға баулу.<br>**Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдылары:**<br>Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын:өз бетінше киіну мен шешінуді,тісін тазалауды жетілдіру.<br>**Сауықтыру-шынықтыру шаралары.**<br>Шынықтырудың барлық түрлерін, жалпы және жергілікті су шараларын жүргізу: дымқыл шүберекпен сүртіну,аяқтарды,денені шаю,әрбір тамақтанғаннан кейін ауызды шаю. |
| | **Жүзу** | |
| | **Сөйлеуді дамыту** | **Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті**. Артикуляциялық апаратты жетілдіру. Сөйлеу қарқынын өзгертуді бекіту: ақырын,жылдам |

| | | |
|---|---|---|
| | | сөйлеуді меңгерту үшін тақпақтар мен жаңылтпаштарды айтқызу. Дауысты, дауыссыз дыбыстарды дұрыс айту дағдыларын бекіту,үнді және ызың (р,л)дыбыстарды анық айтуды жаттықтыру.<br>**Сөздік қор.**<br>Заттардың атауларын,олардың бөліктерімен бөлшектерін,олар жасалған материалдарды,материалдың белгілі және белгісіз қасиеттерін сөйлеуде қолдану.<br>Айналасындағы заттармен сөздік қорды кеңейту:тұрмыстық заттар және қоршаған орта заттарының қолданылу маңыздылығын түсіну;<br>**Тілдің грамматикалық құрылымы**<br>Зат есімдерді жекеше және көпше түрде үйрету.<br>Сөйлемдегі сөздерді байланыстыруға, көмекші сөздерді дұрыс қолдануға үйрету. |
| | **Көркем әдебиет** | Тыңдалған шығарманың мазмұнын қайталап айтуға, қысқа өлеңдерді, санамақтарды жатқа айтуға, шығарма мазмұны мен сипатына сәйкес тақпақтарды, өлеңдерді жаттауда түрлі интонацияларды,үзілістерді, логикалық екпінді қолданып, оларды есте сақтауға үйрету.<br>Балалардың түрлі әрекеттерінде ертегілерді, әңгімелерді, өлеңдерді тыңдауға, көркем сөзге, кітапқа қызығушылыққа баулу. |
| | **Қазақ тілі** | **Тілдік дамытушы орта:**<br>Ұжымдық әңгімеге қатысуға, әңгімелесушінің сөзін бөлмей, кезекпен сөйлеуге.<br>**Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті:**<br>Қазақ тіліне тән ө,к,ү,ұ,і,ғ дыбыстарын жеке,сөз ішінде анық айтуға баулу.<br>**Сөздік қор:**<br>Туыстық қарым-қатынасты (сіңлі,жеңге,жезде,нағашы,жиен,бөле) білдіретін сөздерді үйрету.<br>**Тілдің грамматикалық құрылымы:**<br>Егістіктің болымсыз түрін немесе есім сөздермен қолданылатын (емес) шылауын қолдана білуге үйрету. |
| | **Математика негіздері** | **Жиын:**заттарды жұппен қою арқылы оларды санамай –ақ салыстыру негізінде тең немесе тең еместігін анықтай білу.<br>баларға жиын,оның әр түрлі түстегі,пішіндегі,өлшемдегі заттардан тұратындығы туралы түсінік беру.<br>**Сан, санау:**сандарды реті бойынша атауға,нешінші сұрағына жауап беруге үйрету.<br>5-ке дейін реттік санау дағдыларын дамыту, реттік сан есімдерді атау.<br>**Шама:**ұзындығы бойынша екі затты салыстыру.<br>заттар шамасы бойынша әр түрлі болатындығы жайлы түсінік беру. |

| | | |
|---|---|---|
| | | **Геометриялық пішіндер:** геометриялық денелерді (куб,шар, цилиндр) танып, атай білуге үйрету;<br>балаларды геометриялық фигураларды (дөңгелек,үшбұрыш,төрт бұрыш) танып атай білуге үйрету.<br>**Кеңістікте бағдарлау:**<br>берілген бағытта қозғалу (алға,артқа,оңға,солға).<br>кеңістік бағдарларын өзіне қатысты бағдарларын анықтау.<br>**Уақытты бағдарлау:** |
| | **Құрастыру** | **Құрылыс материалдарынан құрастыру:**<br>Орналастыру тәсілдерін қолдана отырып, пластиналарды тігінен және кірпіштерді, бөлшектерді көлденеңінен орналастыру.<br>Құрылыс материалдарынан, «лего» конструкторлардан құрастыру. |
| | **Қоршаған ортамен таныстыру** | **Менің Отаным – Қазақстан.**<br>Отанымыз – Қазақстан Республикасына деген сүйіспеншілікті және мақтаныш сезімін ояту. Балаларды мемлекеттік мерекелерге қатысуға баулу. Мемлекеттік рәміздерге (ту, елтаңба, әнұран) құрметпен қарауға тәрбиелеу.<br>Отан қорғаушылар, Қазақстан Республикасының әскері туралы ұғымдарын кеңейту. Отанды сүюге, патриотизмге тәрбиелеу.<br>Қазақстан Республикасының бас қаласы–Астана қаласы,республикадағы қалалар мен ауылдардың атаулары, олардың көрікті жерлері, ауыл мен қала өмірінің ерекшеліктері туралы ұғымдарын дамыту. |
| | **Сурет салу** | Қоршаған ортаның әсемдігіне, қазақ халқының және басқа халықтардың өнер туындыларына, киіз үйге оның жабдықтарына,тұрмыстық заттарға,ойыншықтарға,сәндікт қолданбалы өнерге қызығушылықты дамыту.<br>Жеке заттарды және бірдей заттарды қайталап салу және олардың қасына басқа заттарды бейнелеу арқылы сюжеттік композицияларды салу. Сюжетті композицияларды салу кезінде әрбір затқа тән ерекшеліктерді,олардың бір-біріне арақатынасын беру. |
| | **Мүсіндеу** | Мүсінделген заттың,фигуралардың бетін тегістейді.<br>Мүсіндеуді қызығушылықпен орындайды;<br>ермексаз,сазбалшық,пластикалық,кесектерден әртүрлі тәсілдерді қолданып,бейнелерді мүсіндейді. |
| | **Жапсыру** | **Жапсыру бойынша:**<br>Қысқа және ұзын жолақтарды қияды.<br>Қайшыны дұрыс ұстайды және оны  қолдана алады. |

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде 2022 - 2023 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалықжоспары**

Білім беру ұйымы №1 «Тополек» бөбекжай балабақшасы
Топ: ересек топ
Балалардың жасы: 4 жасар
Жоспардың құрылу кезеңі: қараша айы, 2022-2023 оқу жылы.

| Айы | Ұйымдастырылған іс әрекет | Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері |
|---|---|---|
| **Қараша** | **Дене шынықтыру** | **Негізгі қимылдар:**<br>**Жүру**. Сапта бір-бірден.<br>**Жүгіру.** Шеңбер боймен,жыланша.<br>**Еңбектеу.** Көлбеу тақтай бойымен төрт тағандап.<br>**Лақтыру,домалату. Қағып алу:** Оң және сол қолымен көлденең қойылған нысанаға .(2-2,5м арақашықтықта)<br>**Секіру:** Бір орында тұрып.<br><br>**Ырғақтық жаттығулар:**<br>Таныс,бұрын үйренген жаттығуларды және қимылдарды музыкамен сүйемелдеу арқылы орындау.<br>**Спорттық жаттығулар**:<br>Велосипед тебу: екі немесе үш дөңгелекті велосипед тебу,оңға,солға бұрылу<br>**Қимылды ойындар:**<br>Қимылды ойындарға қызығушылықты дамыту.Таныс ойындарды ұйымдастыруда бастамашылдық,дербестік танытуға баулу.<br>**Дербес қимыл белсенділігі**:<br>Дене шынықтыру құралдарын,спорттық және қимылды ойындарға арналған отрибудттарды пайдалануға ынталандыру.<br>**Салауатты өмір салтын қалыптастыру:**<br>Балаларға адамның дене және сезім мүшелері,олардың ағзадағы рөлі және оларды қалай қорғауға,күтуге болатыны туралы түсінік беру.<br>**Мәдени- гигиеналық дағдылар**:<br>Тамақтанар алдында,дәретханаға барғаннан кейін, ластанған кезде қолды өз бетінше сабынменжууға, тісін тазалауға үйрету.<br>**Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдылары:**<br>Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын:өз бетінше киіну мен шешінуді,тісін тазалауды жетілдіру.<br>**Сауықтыру-шынықтыру шаралары.**<br>Шынықтырудың барлық түрлерін, жалпы және жергілікті су шараларын жүргізу: дымқыл шүберекпен сүртіну,аяқтарды,денені шаю,әрбір тамақтанғаннан кейін ауызды шаю. |
| | **Жүзу** | |

| | | |
|---|---|---|
| | **Сөйлеуді дамыту** | **Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті**. Дикция бойынша жұмысты жалғастыру: сөздермен сөз тіркестерінің дұрыс айтылуын жақсарту.<br>Артикуляциялық апаратты жетілдіру. Сөйлеу қарқынын өзгертуді бекіту: ақырын,жылдам сөйлеуді меңгерту үшін тақпақтар мен жаңылтпаштарды айтқызу.<br>**Сөздік қор.**<br>Баланың сөздік қорын айналасындағы өзін қоршаған ортадан тыс заттар мен құбылыстардың атауларымен кеңейту,аталған заттардың қолданылу аясы туралы балалармен талқылау. Заттардың атауларын,олардың бөліктерімен бөлшектерін,олар жасалған материалдарды,материалдың белгілі және белгісіз қасиеттерін сөйлеуде қолдану.<br>**Тілдің грамматикалық құрылымы**<br>Сан есімдерді ретімен атауға,оларды зат есімдермен септіктерде қолдану,<br>Зат есімдерді жекеше және көпше түрде үйрету. |
| | **Көркем әдебиет** | Шығарма мазмұнын дұрыс қабылдауға, кейіпкерлеріне жанашырлық танытуға баулу.<br>Тыңдалған шығарманың мазмұнын қайталап айтуға, қысқа өлеңдерді, санамақтарды жатқа айтуға, шығарма мазмұны мен сипатына сәйкес тақпақтарды, өлеңдерді жаттауда түрлі интонацияларды,үзілістерді, логикалық екпінді қолданып, оларды есте сақтауға үйрету. |
| | **Қазақ тілі** | **Тілдік дамытушы орта:**<br>Бейнелеу құралдарын қолдана отырып,еркін ойындарды және сахналық қойылымдарда адамдармен жануарлардың эмоционалды көңіл-күйін жеткізуге.<br>Ұжымдық әңгімеге қатысуға, әңгімелесушінің сөзін бөлмей, кезекпен сөйлеуге.<br>**Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті:**<br>Қазақ тіліне тән ө,к,ү,ұ,і,ғ дыбыстарын жеке,сөз ішінде анық айтуға баулу.<br>**Сөздік қор:**<br>Өзінің отбасы,отбасылық мерекелер,отбасындағы қызықты оқиғалар,салт-дәстүрлер туралы айтуға баулу.<br>Туыстық қарым-қатынасты (сіңлі,жеңге,жезде,нағашы,жиен,бөле) білдіретін сөздерді үйрету.<br>**Тілдің грамматикалық құрылымы:**<br>Үлгі бойынша жәй,жайылма сөйлемдер құрай білуге үйрету.<br>Егістіктің болымсыз түрін немесе есім сөздермен қолданылатын (емес) шылауын қолдана білуге үйрету. |
| | **Математика негіздері** | **Жиын:** заттарды жұппен қою арқылы оларды санамай –ақ салыстыру негізінде тең немесе тең еместігін анықтай білу. баларға жиын,оның әр түрлі түстегі,пішіндегі,өлшемдегі заттардан тұратындығы туралы түсінік беру. |

| | | |
|---|---|---|
| | | **Сан, санау:**<br>Қорытынды санды атауға,барлығы қанша сұрағына жауап беруге үйрету.<br>сандарды реті бойынша атауға,нешінші сұрағына жауап беруге үйрету.<br>**Шама:** екі затты үстіне және қасына қою тәсілдерін қолданып,салыстыруға.<br>ұзындығы бойынша екі затты салыстыру.<br>заттар шамасы бойынша әр түрлі болатындығы жайлы түсінік беру.<br>**Геометриялық пішіндер:** геометриялық пішіндерді көру және сипап сезу арқылы зерттеу.<br>геометриялық денелерді (куб,шар, цилиндр) танып, атай білуге үйрету;<br>**Кеңістікте бағдарлау:**<br>заттарды оң қолмен солдан оңға қарай орналастыру.<br>берілген бағытта қозғалу (алға,артқа,оңға,солға).<br>**Уақытты бағдарлау:** |
| | **Құрастыру** | **Құрылыс материалдарынан құрастыру:**<br>Құрастыруға қолданған құрылыс бөлшектерін ажырату (текше,пластина,блок) және атау.<br>Орналастыру тәсілдерін қолдана отырып, пластиналарды тігінен және кірпіштерді, бөлшектерді көлденеңінен орналастыру. |
| | **Қоршаған ортамен таныстыру** | **Заттық әлем.**<br>Балаларды заттық әлеммен таныстыру және онымен әрекет жасау дағдыларын қалыптастыру. Жақын маңайдағы заттарды ажыратып, атай білуді жетілдіру.<br>Қоршаған орта заттары, олардың қасиеттері және қолданылуы туралы түсініктерін кеңейту. Қазақ халқының ұлттық киімдерімен, әшекейлерімен таныстыру. Көлік түрлерінің қолданысын (әуе, су, жерде жүретін көліктер) ажырата білу, оның түрлері және қолданылуы машинаның жабдықтарына байланысты екені туралы (жедел жәрдем, өрт сөндіру машинасы) білу, телефон, компьютер, теледидардың қолданылуы және оларды пайдаланудың кейбір қарапайым ережелері туралы білу.<br>Адамдарға еңбектері үшін алғыс айтуға және еңбектің нәтижесіне құрмет көрсете білуге тәрбиелеу.<br>Қазақстан Республикасының бас қаласы–Астана қаласы,республикадағы қалалар мен ауылдардың атаулары, олардың көрікті жерлері, ауыл мен қала өмірінің ерекшеліктері туралы ұғымдарын дамыту. |
| | **Сурет салу** | Заттардың пішіні:дөңгелек,сопақ,шаршы,тік бұрыш,үшбұрыш көлемі бөліктерінің орналасуы туралы түсініктерді бекіту.Заттардың көлемі бойынша арақатынасын беруге үйрету: агаш биік,бұта ағаштан аласа,гүл бұтадан аласа. |

| | | |
|---|---|---|
| | | Қоршаған ортаның әсемдігіне, қазақ халқының және басқа халықтардың өнер туындыларына, киіз үйге оның жабдықтарына,тұрмыстық заттарға,ойыншықтарға,сәндікт қолданбалы өнерге қызығушылықты дамыту. |
| | **Мүсіндеу** | Бірнеше бөліктен тұратын заттарды пішіндейді, олардың орналасуынескере отырып, пропорцияларды сақтай отырып,бөліктерді байланыстырады.<br>Мүсінделген заттың,фигуралардың бетін тегістейді. |
| | **Жапсыру** | Текшеден дөңгелек пішін, тік бұрыштан  бұрыштарын бүктеу арқылы сопақша пішіндерді қияды.<br>Қысқа және ұзын жолақтарды қияды. |

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде 2022 - 2023 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалықжоспары**

Білім беру ұйымы №1 «Тополек» бөбекжай балабақшасы
Топ: ересек топ
Балалардың жасы: 4 жасар
Жоспардың құрылу кезеңі: желтоқсан айы, 2022-2023 оқу жылы.

| Айы | Ұйымдастырылған іс әрекет | Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері |
|---|---|---|
| Желтоқсан | **Дене шынықтыру** | **Негізгі қимылдар:**<br>**Жүру**. Жүруді жүгірумен.<br>**Жүгіру.** Шашырап жүгіру.<br>**Еңбектеу.** Етбетімен жатып, гимнастикалық скамейка бойымен қолдарымен тартылып.<br>**Лақтыру,домалату. Қағып алу:** 1,5 қашықтыққа тігінен қойылған (биіктігі 1,5м) нысанаға .<br>**Секіру.** Аяқты бірге,алшақ қойып,бір аяқпен (оң және сол аяқты алмастыру)<br><br>**Ырғақтық жаттығулар:**<br>Таныс,бұрын үйренген жаттығуларды және қимылдарды музыкамен сүйемелдеу арқылы орындау.<br>**Спорттық жаттығулар**:<br>Шанамен сырғанау: Төбешіктен сырғанау,бір-бірін сырғанату,шанамен төбешікке көтерілу,төбешіктен түскенде тежеу.<br>Шаңғымен жүру:Шаңғымен бірінің артынан бірі жүру:ересектердің көмегімен шаңғыны киіп, шешу.<br>**Қимылды ойындар:**<br>Қимылды ойындарға қызығушылықты дамыту.Таныс ойындарды ұйымдастыруда бастамашылдық,дербестік танытуға баулу.<br>**Дербес қимыл белсенділігі**:<br>Дене шынықтыру құралдарын,спорттық және қимылды ойындарға арналған отрибудттарды пайдалануға ынталандыру.<br>**Салауатты өмір салтын қалыптастыру:**<br>Балаларға адамның дене және сезім мүшелері,олардың ағзадағы рөлі және оларды қалай қорғауға,күтуге болатыны туралы түсінік беру.<br>**Мәдени- гигиеналық дағдылар**:<br>Тамақтанар алдында,дәретханаға барғаннан кейін, ластанған кезде қолды өз бетінше сабынменжууға, тісін тазалауға үйрету.<br>**Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдылары:**<br>Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын:өз бетінше киіну мен шешінуді,тісін тазалауды жетілдіру.<br>**Сауықтыру-шынықтыру шаралары.** |

| | | |
|---|---|---|
| | | Шынықтырудың барлық түрлерін, жалпы және жергілікті су шараларын жүргізу: дымқыл шүберекпен сүртіну,аяқтарды,денені шаю,әрбір тамақтанғаннан кейін ауызды шаю. |
| | **Жүзу** | |
| | **Сөйлеуді дамыту** | **Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті**.<br>Фонематикалық естуді дамыту**:**Белгілі бір дыбыстан басталатын сөздерді есту арқылы ажырата білуге және атауға үйрету.<br>Дикция бойынша жұмысты жалғастыру: сөздермен сөз тіркестерінің дұрыс айтылуын жақсарту.<br>**Сөздік қор.** Сөздік қорды ересектердің мамандықтарын білдіретін зат есімдермен,еңбек әрекетін білдіретін естеліктермен толықтыру.<br>Баланың сөздік қорын айналасындағы өзін қоршаған ортадан тыс заттар мен құбылыстардың атауларымен кеңейту,аталған заттардың қолданылу аясы туралы балалармен талқылау.<br>**Тілдің грамматикалық құрылымы**<br>Жекеше және көпше түрде сөздерді қолдануға үйрету.<br>Сан есімдерді ретімен атауға,оларды зат есімдермен септіктерде қолдану, |
| | **Көркем әдебиет** | Әдеби шығармаларды мұқият тыңдау, кейіпкерлерге жанашырлық таныту, ондағы әрекеттердің дамуын қадағалау, мазмұнын түсінуге және олардың мазмұнын қайталап айтуда сюжет желісінің реттілігін сақтауға баулу.<br>Шығарма мазмұнын дұрыс қабылдауға, кейіпкерлеріне жанашырлық танытуға баулу. |
| | **Қазақ тілі** | **Тілдік дамытушы орта:**<br>Сөйлесу барысында әңгімелесушінің наазарын өзіне аудару үшін тнтонациямен сөйлеу мәнерін өз бетінше қолдануға.<br>Бейнелеу құралдарын қолдана отырып,еркін ойындарды және сахналық қойылымдарда адамдармен жануарлардың эмоционалды көңіл-күйін жеткізуге.<br>**Сөздік қор:**<br>Төрт түлікті бағатын адамдардың кәсіпшілік атауларын таныстыру: «қойшы», «жылқышы», «түйеші», «сиыршы» аталған атаулардың олардың еңбегімен байланыстылығын таныстыру.<br>Өзінің отбасы,отбасылық мерекелер,отбасындағы қызықты оқиғалар,салт-дәстүрлер туралы айтуға баулу.<br>**Тілдің грамматикалық құрылымы:**<br>Өз ойын және жайылма сөйлемдермен жеткізуге мүмкіндік беру.<br>Үлгі бойынша жәй,жайылма сөйлемдер құрай білуге үйрету. |
| | **Математика негіздері** | **Жиын:** заттарды жұппен қою арқылы оларды санамай –ақ салыстыру негізінде тең немесе тең еместігін анықтай білу.<br>**Сан, санау:**екі қатарда орналасқан заттар тобын салыстыруды |

| | | |
|---|---|---|
| | | үйрету.<br>Қорытынды санды атауға,барлығы қанша сұрағына жауап беруге үйрету.<br>**Шама:** жуандығы бойынша заттарды салыстыру.<br>екі затты үстіне және қасына қою тәсілдерін қолданып,салыстыруға.<br>**Геометриялық пішіндер:** сипап сезу арқылы сөйлеуде сын есімдерді қолдануға үйрету.<br>геометриялық пішіндерді көру және сипап сезу арқылы зерттеу.<br>**Кеңістікте бағдарлау:** заттардың өзіне қатысты орналасуын сөздермен белгілеу (менің алдымда үстел,сол жағымда орындық тұр)<br>заттарды оң қолмен солдан оңға қарай орналастыру.<br>**Уақытты бағдарлау:** |
| | **Құрастыру** | **Құрылыс материалдарынан құрастыру:**<br>Құрылыс бөлшектерін, олардың сапасы,көлемі мен пішіні ойынша таңдау.<br>Құрастыруға қолданған құрылыс бөлшектерін ажырату (текше,пластина,блок) және атау.<br>**Қағаздан құрастыру:**<br>Қағаздан құрастыруға үйрету: қағаздың парағын ортасынан бүктеп,шиыршықтап,көлемді пішіндерге,орамдарға,ілмекке айналдыра білу,бұрыштарын және қырларын біріктіру,желімдеу,бөлшектерді өзара желімдеп компазия құрастыру. |
| | **Қоршаған ортамен таныстыру** | **Байланыс және қозғалыс құралдары.**<br>Қозғалыс ортасын ескере отырып, көлік құралдарын танып және атай білу дағдыларын қалыптастыру. Әртүрлі көлік құралдары мен оларды басқаратын адамдар туралы білімдерін жетілдіру. Көлікте жұмыс істейтін адамдарға сыйластық танытуға тәрбиелеу.<br>Балаларды заттық әлеммен таныстыру және онымен әрекет жасау дағдыларын қалыптастыру. Жақын маңайдағы заттарды ажыратып, атай білуді жетілдіру.<br>Қоршаған орта заттары, олардың қасиеттері және қолданылуы туралы түсініктерін кеңейту. Қазақ халқының ұлттық киімдерімен, әшекейлерімен таныстыру. Көлік түрлерінің қолданысын (әуе, су, жерде жүретін көліктер) ажырата білу, оның түрлері және қолданылуы машинаның жабдықтарына байланысты екені туралы (жедел жәрдем, өрт сөндіру машинасы) білу, телефон, компьютер, теледидардың қолданылуы және оларды пайдаланудың кейбір қарапайым ережелері туралы білу.<br>Адамдарға еңбектері үшін алғыс айтуға және еңбектің нәтижесіне құрмет көрсете білуге тәрбиелеу. |

| | | |
|---|---|---|
| | **Сурет салу** | Дөңгелек,сопак,шаршы,үшбұрыш піщіндегі қазақ оюларының элеметтерін: «Құс қанаты», «Бүршік», «қызғалдақ», «қошқар мүйіз», «қой ізі», «құс тұмсық», «бота мойын», «бота көз», «ирек», «су» суретін салу, элементтердің орналасу ретін, олардың арасындағы қашықтықты сақтау.<br>Заттардың пішіні:дөңгелек,сопақ,шаршы,тік бұрыш,үшбұрыш көлемі бөліктерінің орналасуы туралы түсініктерді бекіту.Заттардың көлемі бойынша арақатынасын беруге үйрету: агаш биік,бұта ағаштан аласа,гүл бұтадан аласа. |
| | **Мүсіндеу** | Мүсіндеуде қысу,тарту,басу тәсілдерін қолданады.<br>Бірнеше бөліктен тұратын заттарды пішіндейді, олардың орналасуынескере отырып, пропорцияларды сақтай отырып,бөліктерді байланыстырады. |
| | **Жапсыру** | Жемістерді, көкөністерді, гүлдерді,оюларды  түрлі тәсілдермен қияды.<br>Текшеден дөңгелек пішін, тік бұрыштан  бұрыштарын бүктеу арқылы сопақша пішіндерді қияды. |

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде 2022 - 2023 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалықжоспары**

Білім беру ұйымы №1 «Тополек» бөбекжай балабақшасы

Топ: ересек топ

Балалардың жасы: 4 жасар

Жоспардың құрылу кезеңі: қаңтар айы, 2022-2023 оқу жылы.

| Айы | Ұйымдастырылған іс әрекет | Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері |
|---|---|---|
| **Қаңтар** | **Дене шынықтыру** | **Негізгі қимылдар:**<br>**Жүру**. Секірумен алмастырып.<br>**Жүгіру.** Түрлі тапсырмаларды орындай отырып,шапшаң және баяу қарқынымен.<br>**Еңбектеу.** Алға қарай еңбектеу.<br>**Лақтыру,домалату. Қағып алу:** Допты бір-біріне төменнен және басынан асыра.<br>**Секіру.** 4-5 сызықтан аттап (сызықтардың арақашықтығы 40-50см).<br><br>**Ырғақтық жаттығулар:**<br>Таныс,бұрын үйренген жаттығуларды және қимылдарды музыкамен сүйемелдеу арқылы орындау.<br>**Спорттық жаттығулар**:<br>Шанамен сырғанау: Төбешіктен сырғанау,бір-бірін сырғанату,шанамен төбешікке көтерілу,төбешіктен түскенде тежеу.<br>Шаңғымен жүру:Шаңғымен бірінің артынан бірі жүру:ересектердің көмегімен шаңғыны киіп, шешу.<br>**Қимылды ойындар:**<br>Ойындарда физикалық қасиеттерді (жылдамдық,күш,шыдамдылық,икемділік,ептілік) дамыту.<br>**Дербес қимыл белсенділігі**:<br>Балаларды педагогпен бірге жаттығуларды орындауға,қимылды ойындарға қатысуға тарту.<br>**Салауатты өмір салтын қалыптастыру:**<br>«Денсаулық-зор байлық» сөзінің мәнін түсіну. Өзінің жасаған іс –әрекетінің ағзаға әсерін,тістерді тазалаудың пайдасын,суық тимеудің алдын-алуға болатынын түсіну.<br>**Мәдени- гигиеналық дағдылар**:<br>Тамақтану әдебін сақтау.Тамақты асықпай шайнау,асхана құралдарын (қасық,шанышқы),майлықты дұрыс қолдану,тамақтанып болғаннан кейін ауызды шаю.<br>**Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдылары:**<br>Киімдерді жинау,ілу,ересектің көмегімен оларды тазалау,құрғату. |

| | | |
|---|---|---|
| | | **Сауықтыру-шынықтыру шаралары.**<br>Жалпақ табандылықтың алдан алу үшін,түрлі жолдармен,жалаң аяқ жүру. |
| | **Жүзу** | |
| | **Сөйлеуді дамыту** | **Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті**. Дауысты, дауыссыз дыбыстарды дұрыс айту дағдыларын бекіту, үнді және ызың дыбыстарды анық айтуды үйрету.<br>Фонематикалық естуді дамыту**:**Белгілі бір дыбыстан басталатын сөздерді есту арқылы ажырата білуге және атауға үйрету.<br>**Сөздік қор.**<br>Сөйлеуді күнделікті көп қолданылатын сын есімдерді,етістіктерді,есімдіктерді қолдану.<br>Сөздік қорды ересектердің мамандықтарын білдіретін зат есімдермен,еңбек әрекетін білдіретін естеліктермен толықтыру.<br>**Тілдің грамматикалық құрылымы**<br>Зат есімдерді сын есімдермен байланыстыруға үйрету.<br>Жекеше және көпше түрде сөздерді қолдануға үйрету.<br>**Байланыстырып сөйлеу.**<br>Диалогтік сөйлеуді жетілдіру: әңгімеге қатысуға баулу,диалогке қатысу үшін түсінікті сұрақтар қоюға және қойылған сұрақтарға дұрыс толық жауап беруге баулу.<br>**Шығармашылықпен сөйлеу қызметі.**<br>Театрландырылған әрекетке, драматизация ойындарына және қуыршақ спектакльдеріне, саусақ ойындарына балаларға түсінікті "қуыршақты жүргізу" техникасын қолдана отырып, қатысу ниеттерін дамыту.<br>**Шығармаларды қабылдау.**<br>Сөз және сөз ұйқастарына құрылған ойындарға қызығушылығын арттыру.<br>Кейіпкерлердің бейнелерін сомдауға қажетті дауыс ырғағы және тілдің қарқынын қолдану дағдыларын қалыптастыру, ұсынылған тақырып бойынша әңгіменің басы мен соңын құрастыруға үйрету. |
| | **Көркем әдебиет** | Автор сөздерін айту, кейкерлердің мінезін беру, шығарма мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беруге, ересектермен бірге ертегі мен әңгіменің басын, соңын ойдан ұурастыруға баулу.<br>Әдеби шығармаларды мұқият тыңдау, кейіпкерлерге жанашырлық таныту, ондағы әрекеттердің дамуын қадағалау, мазмұнын түсінуге және олардың мазмұнын қайталап айтуда сюжет желісінің реттілігін сақтауға баулу. |
| | **Қазақ тілі** | **Тілдік дамытушы орта:**<br>Түрлі балалар әрекеттерінде өзінің және құрдастарының әрекетін түсіндіруге және дәлелдеуге баулу. |

| | | |
|---|---|---|
| | | Сөйлесу барысында әңгімелесушінің наазарын өзіне аудару үшін тнтонациямен сөйлеу мәнерін өз бетінше қолдануға.<br>**Сөздік қор:**<br>Төрт түлік иелерінің төлдерді қалай шақыратынын балалардың өздеріне айтқызу.<br>Төрт түлікті бағатын адамдардың кәсіпшілік атауларын таныстыру: «қойшы», «жылқышы», «түйеші», «сиыршы» аталған атаулардың олардың еңбегімен байланыстылығын таныстыру.<br>**Байланыстырып сөйлеу:**<br>Қарым-қатынас барысында балаларды қойылған сұрақтардың сипатына сәйкес хабарлы,лепті,бұйрықты сөйлемдермен жауап беруге,өзі мен құрдастарының жауабындағы қателәктерді және жауаптың дұрыстығын ажырата білуге және дұрыс жауабын ұсынуға. |
| | **Математика негіздері** | **Жиын:** заттарды жұппен қою арқылы оларды санамай –ақ салыстыру негізінде тең немесе тең еместігін анықтай білу.<br>**Сан, санау:** теңдік және теңсіздік туралы ұғымдарын қалыптастыру.<br>екі қатарда орналасқан заттар тобын салыстыруды үйрету.<br>**Шама:** салыстыру нәтижелерін ұзын-қысқа, енді-енсіз,биік-аласа,жуан-жіңішке сын есімдерімен белгілеу.<br>жуандығы бойынша заттарды салыстыру.<br>**Геометриялық пішіндер:** Сөйлеуде сын есімдерді қолданып,салыстыру нәтижелерін атау (ұзындау-қысқалау,кеңдеу-тарлау,жоғары-төмен,қалың-жұқа).<br>сипап сезу арқылы сөйлеуде сын есімдерді қолдануға үйрету.<br>**Кеңістікте бағдарлау:**<br>заттардың өзіне қатысты орналасуын сөздермен белгілеу (менің алдымда үстел,сол жағымда орындық тұр)<br>**Уақытты бағдарлау:** тәулік бөліктерін (Таңертең, күндіз, кеш, түн ) ажырату және атай білу дағдыларын қалыптастыру. |
| | **Құрастыру** | **Құрылыс материалдарынан құрастыру:**<br>Өз бетінше ойдан құрастыруға мүмкіндік беру,құрастырылған құрылыс бөлшектерінің кеңістікте орналасуын айқындау.<br>Құрылыс бөлшектерін, олардың сапасы,көлемі мен пішіні ойынша таңдау.<br>**Қағаздан құрастыру:**<br>Қағаздан құрастыруға үйрету: қағаздың парағын ортасынан бүктеп,шиыршықтап,көлемді пішіндерге,орамдарға,ілмекке айналдыра білу,бұрыштарын және қырларын біріктіру,желімдеу,бөлшектерді өзара желімдеп компазия құрастыру. |
| | Қоршаған ортамен таныстыру | **Өлі табиғат құбылыстары мен заттары.**<br>Табиғат құбылыстары туралы ұғымдарын (жел, жаңбыр, тұман, қар, бұршақ, кемпірқосақ, боран) кеңейту.<br>Бақылау күнтізбесінде ауа райын белгілеу (суық, жылы, күн |

| | | |
|---|---|---|
| | | шуақты, қар, жаңбыр жауды, жел соқты), соған сәйкес киіну. Қарапайым себеп-салдарлық байланыстарды бақылау және анықтау (жел соғып, жапырақтар түсті, күннің суықтығынан жердегі қар мұзға айналды), ойын, еңбек, эксперимент барысында құм, қар, су, мұз, тас, саздың қасиеттерін анықтау.<br>Ауа райы мен климаттық жағдайлардың өзгеруін бақылау.<br>Қазақстанның түрлі аймақтарында ауа райының түрліше болуы туралы түсінік беру.<br>Қозғалыс ортасын ескере отырып, көлік құралдарын танып және атай білу дағдыларын қалыптастыру. Әртүрлі көлік құралдары мен оларды басқаратын адамдар туралы білімдерін жетілдіру. Көлікте жұмыс істейтін адамдарға сыйластық танытуға тәрбиелеу. |
| | **Сурет салу** | Балалардың гүлдер,қоршаған заттармен табиғат объектілерінің түстерімен реңктері туралы ұғымдарын байыту.Қоңыр,қызғылт сары, ашық жасыл реңктерімен таныстыру және ол түстерді өз бетінше жасауға ынталандыру. (қажетті түсті шығару үшін бояуларды араластыру).<br>Дөңгелек,сопақ,шаршы,үшбұрыш піщіндегі қазақ оюларының элеметтерін: «Құс қанаты», «Бүршік», «қызғалдақ», «қошқар мүйіз», «қой ізі», «құс тұмсық», «бота мойын», «бота көз», «ирек», «су» суретін салу, элементтердің орналасу ретін, олардың арасындағы қашықтықты сақтау. |
| | **Мүсіндеу** | Мүсіндеуде кескішті қолданады.<br>Мүсіндеуде қысу,тарту,басу тәсілдерін қолданады. |
| | **Жапсыру** | Бірнеше бөліктерден тұратын заттарды орналастырады және желімдейді.<br>Жемістерді, көкөністерді, гүлдерді,оюларды түрлі тәсілдермен қияды. |

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде 2022 - 2023 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалықжоспары**

Білім беру ұйымы №1 «Тополек» бөбекжай балабақшасы
Топ: ересек топ
Балалардың жасы: 4 жасар
Жоспардың құрылу кезеңі: ақпан айы, 2022-2023 оқу жылы.

| **Айы** | **Ұйымдастырылған іс әрекет** | **Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері** |
|---|---|---|
| **Ақпан** | **Дене шынықтыру** | **Негізгі қимылдар:**<br>**Жүру**. Бағытты және қарқынды өзгертіп .<br>**Жүгіру.** Жетекшіні ауыстыра.<br>**Еңбектеу.** Табанмен алақанға сүйеніп.<br>**Лақтыру,домалату. Қағып алу:** Допты кедергілер арқылы жоғары.<br>**Секіру.** 20-25 см биіктіктен.<br>**Ырғақтық жаттығулар:**<br>Таныс,бұрын үйренген жаттығуларды және қимылдарды музыкамен сүйемелдеу арқылы орындау.<br>**Спорттық жаттығулар**:<br>Шанамен сырғанау: Төбешіктен сырғанау,бір-бірін сырғанату,шанамен төбешікке көтерілу,төбешіктен түскенде тежеу.<br>Шаңғымен жүру:Шаңғымен бірінің артынан бірі жүру:ересектердің көмегімен шаңғыны киіп, шешу.<br>**Қимылды ойындар:**<br>Ойындарда физикалық қасиеттерді (жылдамдық,күш,шыдамдылық,икемділік,ептілік) дамыту.<br>**Дербес қимыл белсенділігі**:<br>Балаларды педагогпен бірге жаттығуларды орындауға,қимылды ойындарға қатысуға тарту.<br>**Салауатты өмір салтын қалыптастыру:**<br>«Денсаулық-зор байлық» сөзінің мәнін түсіну. Өзінің жасаған іс –әрекетінің ағзаға әсерін,тістерді тазалаудың пайдасын,суық тимеудің алдын-алуға болатынын түсіну.<br>**Мәдени- гигиеналық дағдылар**:<br>Тамақтану әдебін сақтау.Тамақты асықпай шайнау,асхана құралдарын (қасық,шанышқы),майлықты дұрыс қолдану,тамақтанып болғаннан кейін ауызды шаю.<br>**Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдылары:**<br>Киімдерді жинау,ілу,ересектің көмегімен оларды тазалау,құрғату.<br>**Сауықтыру-шынықтыру шаралары.**<br>Жалпақ табандылықтың алдан алу үшін,түрлі жолдармен,жалаң аяқ жүру. |
| | **Жүзу** | |

| | | |
|---|---|---|
| | **Сөйлеуді дамыту** | **Сөздік қор.**<br>Сөздік қорды заттар тобын білдіретін жалпылаушы сөздермен (ойыншықтар,киім,аяқ киім, ыдыс,жиһаз),заттардың орналасқан жерін (сол,оң,қатар,жанында,арасында),тұрмыстық электротехника заттарының және ұлттық тұрмыстық заттардың атауларын білдіретін және мағынасы қарама-қарсы антоним сөздермен байыту.<br>Төрт түлік иелерінің төлдерді қалай шақыратынын балалардың өздеріне айтқызу.<br>Төрт түлікті бағатын адамдардың кәсіпшілік атауларын таныстыру: «қойшы», «жылқышы», «түйеші», «сиыршы» аталған атаулардың олардың еңбегімен байланыстылығын таныстыру.<br>**Тілдің грамматикалық құрылымы**<br>Етістіктерді бұйрық  райымен қолдана білуге үйрету (отыр, жүр, жүгір)<br>Зат есімдерді сын есімдермен байланыстыруға үйрету.<br>Жекеше және көпше түрде сөздерді қолдануға үйрету.<br>**Байланыстырып сөйлеу.**<br>Балаларды әңгіме айтуға үйрету:затты,суретті өз бетінше қарап сипаттауға.<br>Диалогтік сөйлеуді жетілдіру: әңгімеге қатысуға баулу,диалогке қатысу үшін түсінікті сұрақтар қоюға және қойылған сұрақтарға дұрыс толық жауап беруге баулу.**(қайталау)**<br>**Шығармашылықпен сөйлеу қызметі.**<br>Театрландырылған әрекетке, драматизация ойындарына және қуыршақ спектакльдеріне, саусақ ойындарына балаларға түсінікті "қуыршақты жүргізу" техникасын қолдана отырып, қатысу ниеттерін дамыту.**(қайталау)**<br>**Шығармаларды қабылдау.**<br>Сөз және сөз ұйқастарына құрылған ойындарға қызығушылығын арттыру.<br>Кейіпкерлердің бейнелерін сомдауға қажетті дауыс ырғағы және тілдің қарқынын қолдану дағдыларын қалыптастыру, ұсынылған тақырып бойынша әңгіменің басы мен соңын құрастыруға үйрету. |
| | **Көркем әдебиет** | Балалардың кітаптағы иллюстрацияларды өз бетінше қарастырып, ертегі, әңгіме құрастыруына мүмкіндік беру.<br>Автор сөздерін айту, кейкерлердің мінезін беру, шығарма мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беруге, ересектермен бірге ертегі мен әңгіменің басын, соңын ойдан ұұрастыруға баулу.**(қайталау)** |
| | **Қазақ тілі** | **Сөздік қор:**<br>Шағын өлеңдер,санамақтар,жаңылтпаштар,тақпақтар жаттату,жұмбақтар шешкізу.<br>Төрт түлік иелерінің төлдерді қалай шақыратынын балалардың |

| | | |
|---|---|---|
| | | өздеріне айтқызу.**(қайталау)**<br>**Баланыстырып сөйлеу:**<br>Бір-біріне  неге,не үшін деген зерттеу сипатындағы сұрақтарды қоюға,бір-бірімен еркін диалог құруға,еркін талқылауға мүмкіндік беру. |
| | **Математика негіздері** | **Жиын:** заттарды жұппен қою арқылы оларды санамай-ақ салыстыру негізінде тең немесе тең еместігін анықтай білу. **(қайталау)**<br>**Сан, санау:** тең ұғымен екі тәсілмен саны бойынша кем топқа бір затты қосуға үйрету.<br>Теңдік және теңсіздік туралы ұғымдарын қалыптастыру.**(қайталау)**<br>**Шама:**бірнеше затты өсу және кему ретімен орналастырып салыстыру.<br>салыстыру нәтижелерін ұзын-қысқа, енді-енсіз,биік-аласа,жуан-жіңішке сын есімдерімен белгілеу **(қайталау)**<br>**Геометриялық пішіндер:**сөйлеуде сын есімдерді қолданып,салыстыру нәтижелерін атау.(ұзындығы,ені,биіктігі,қалыңдығы бойынша тең)<br>**Кеңістікте бағдарлау:** заттардың өзіне қатысты орналасуын сөздермен белгілеу (менің алдымда үстел,сол жағымда орындық тұр) **(қайталау)**<br>**Уақытты бағдарлау:** Бүгін,кеше,ертең туралы ұғымдарын кеңейту.<br>тәулік бөліктерін (Таңертең, күндіз, кеш, түн ) ажырату және атай білу дағдыларын қалыптастыру.**(қайталау)** |
| | **Құрастыру** | **Құрылыс материалдарынан құрастыру:**<br>Дайын құрылыспен түрлі ойындар ойнауға ынталандыру.<br>Құрылыс бөлшектеріне ұқыптылықпен қарау,ойнап болған соң оларды жинау және орнына қою,құрастыру барысында қауіпсіздік ережелерін сақтау.<br>Өз бетінше ойдан құрастыруға мүмкіндік беру,құрастырылған құрылыс бөлшектерінің кеңістікте орналасуын айқындау. **(қайталау)**<br>**Қағаздан құрастыру:**<br>«Оригами» үлгісі бойынша қарапайым пішіндер құрастыру. |
| | **Қоршаған ортамен таныстыру** | ***Жолда жүру ережелері.***<br>Көлік түрлері, жол бөліктері (тротуар, жолдың жүру бөлігі мен жаяу жүргіншілер өтетін жол және жерасты жолдары, велосипедке арналған жол), бағдаршам белгілері, жолда жүру ережелері туралы білімдерін қалыптастыру.<br>Бағдаршам түстерінің белгілеріне сәйкес көшеден өту дағдыларын жетілдіру. Жаяу жүргіншілерге арналған ережелер, «Жаяу жүргінші өткелі», «Қоғамдық көлік аялдамасы» жол белгілері туралы ұғымдарын кеңейту.<br>Балаларды жол қозғалысы ережелерін саналы түрде сақтауға үйрету. Сюжетті-рөлдік ойындар барысында жол қозғалысы |

| | | |
|---|---|---|
| | | ережелері туралы білімді бекіту.<br>Өз өмірінің қауіпсіздігінің қарапайым дағдыларын қалыптастыру: ойын, ойын жабдықтарын пайдалану, бейтаныс адамдармен қарым-қатынас жасау. Балалардың өз есімін, тегін, жасын, ата-аналарының атын білуді бекіту, кездейсоқ жағдайларда (адасып қалу, құлау) өзін дұрыс ұстауға үйрету. |
| | **Сурет салу** | Сурет салуда әртүрлі түстерді қолдануға, көп түске назар аударуға деген ұмтылысты қолдау.<br>Балалардың гүлдер,қоршаған заттармен табиғат объектілерінің түстерімен реңктері туралы ұғымдарын байыту.Қоңыр,қызғылт сары, ашық жасыл реңктерімен таныстыру және ол түстерді өз бетінше жасауға ынталандыру. (қажетті түсті шығару үшін бояуларды араластыру).**(қайталау)** |
| | **Мүсіндеу** | Ертегілер мен қоршаған өмір тақырыптарына қарапайым композицияларын құрастырады.<br>Мүсіндеуде кескішті қолданады. **(қайталау)** |
| | **Жапсыру** | Қазақ оюларының бөліктерінен, өсімдік және геометриялық пішіндерден өрнектер жасайды, оларды кезектестіріп ретімен желімдейді.<br>Бірнеше бөліктерден тұратын заттарды орналастырады және желімдейді. **(қайталау)** |

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде 2022 - 2023 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалықжоспары**

Білім беру ұйымы <u>№1 «Тополек» бөбекжай балабақшасы</u>
Топ: ересек топ
Балалардың жасы: 4 жасар
Жоспардың құрылу кезеңі: наурыз айы, 2022-2023 оқу жылы.

| Айы | Ұйымдастырылған іс әрекет | Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері |
|---|---|---|
| **Наурыз** | **Дене шынықтыру** | **Негізгі қимылдар:**<br>**Жүру**. Қолмен аяқ қимылдарын үйлестіру.<br>**Жүгіру.** 1-1,5 минут ішінде баяу қарқынмен .<br>**Еңбектеу.** Төрт тағандап.<br>**Лақтыру,домалату. Қағып алу:** Екі қолымен. (3-4 рет)<br>**Секіру.** Орнынан ұзындыққа (шамамен 70 см)<br><br>**Ырғақтық жаттығулар:**<br>Таныс,бұрын үйренген жаттығуларды және қимылдарды музыкамен сүйемелдеу арқылы орындау.<br>**Спорттық жаттығулар**:<br>Шанамен сырғанау: Төбешіктен сырғанау,бір-бірін сырғанату,шанамен төбешікке көтерілу,төбешіктен түскенде тежеу.<br>Шаңғымен жүру:Шаңғымен бірінің артынан бірі жүру:ересектердің көмегімен шаңғыны киіп, шешу.<br>**Қимылды ойындар:**<br>Қимылды ойындарда жетекші рөлді орындауға үйрету,ойын ережелерін саналы түрде сақтауға баулу.<br>**Дербес қимыл белсенділігі**:<br>Балалардың жас және жеке ерекшеліктерін ескере отырып,ағзаға түсетін салмақты реттеу.<br>**Салауатты өмір салтын қалыптастыру:**<br>Салауатты өмір салты туралы ұғымдарын кеңейту.Дене белсенділігі (таңертенгі жаттығу,шынықтыру,спорттық және қимылды ойындар) мен ұйқының қанық болуының пайдасы туралы түсінікті кеңейту.<br>**Мәдени- гигиеналық дағдылар**:<br>Тамақтану әдебін сақтау.Тамақты асықпай шайнау,асхана құралдарын (қасық,шанышқы),майлықты дұрыс қолдану,тамақтанып болғаннан кейін ауызды шаю.<br>**Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдылары:**<br>Киімдерді жинау,ілу,ересектің көмегімен оларды тазалау,құрғату.<br>**Сауықтыру-шынықтыру шаралары.**<br>Жалпақ табандылықтың алдан алу үшін,түрлі жолдармен,жалаң аяқ жүру. |

| | | |
|---|---|---|
| | **Жүзу** | |
| | **Сөйлеуді дамыту** | **Сөздік қор.**<br>Балалардың қазақ халқының қонақ жайлық дәстүрімен таныстыру,қонақты күтіп алу,төрге отырғызу,қонақ кәде,сыбаға,ас қайыру,бата беру,қонақты шығарып салу дәстүрлерін үйрету арқылы үлкендерді силауға,дастархан бас ында әдептілікті сақтауға баулу.<br>**Байланыстырып сөйлеу.**<br>Түрлі балалар әрекеттерінде бейнеленген суреттерді,бұйымдары бойынша әңгімелер құрастыруға.<br>**Шығармашылықпен сөйлеу қызметі.**<br>Театрландырылған әрекетке, драматизация ойындарына және қуыршақ спектакльдеріне, саусақ ойындарына балаларға түсінікті "қуыршақты жүргізу" техникасын қолдана отырып, қатысу ниеттерін дамыту.<br><br>**Шығармаларды қабылдау.**<br>Сөз және сөз ұйқастарына құрылған ойындарға қызығушылығын арттыру.<br>Кейіпкерлердің бейнелерін сомдауға қажетті дауыс ырғағы және тілдің қарқынын қолдану дағдыларын қалыптастыру, ұсынылған тақырып бойынша әңгіменің басы мен соңын құрастыруға үйрету. |
| | **Көркем әдебиет** | Шешендікке, сөз өнеріне баулу, халық ауыз әдебиеті шығармаларымен таныстыру, санамақ, жаңылтпаш айту, жұмбақ шешу, айтыс өнеріне баулу. |
| | **Қазақ тілі** | **Сөздік қор:**<br>Шығарманы жеткізуде оны мазмұны мен сипатына сәйкес түрлі интонацияларды,үзілістерді,логикалық екпінді қолданып,мәнерлеп айтуға баулу.<br>**Баланыстырып сөйлеу:**<br>Бұрыннан таныс немесе бейтаныс ертегілермен шағын көркем шығармалардың мазмұнын иллюстрациялар бойынша қайталап айтуға,өз бетінше ретімен қайталап айтуға,өзінің тәжірибесіне сүйеніп,суреттер бойынша әңгіме құрастыруғы. |
| | **Математика негіздері** | **Жиын:**<br>**Сан, санау:**тең ұғымды екі тәсілмен саны бойынша артық топтан алып тастау арқылы қалыптастыру.<br>**Шама:** бірнеше затты өсу және кему ретімен орналастырып салыстыру.<br>**Геометриялық пішіндер:** сөйлеуде сын есімдерді қолданып,салыстыру нәтижелерін атау.(ұзындығы,ені,биіктігі,қалыңдығы бойынша тең)<br>**Кеңістікте бағдарлау:** заттардың өзіне қатысты орналасуын сөздермен белгілеу (менің алдымда үстел,сол жағымда орындық тұр) **(қайталау)**<br>**Уақытты бағдарлау:** Бүгін,кеше,ертең туралы ұғымдарын |

| | | |
|---|---|---|
| | | кеңейту.<br>тәулік бөліктерін (Таңертең, күндіз, кеш, түн ) ажырату және атай білу дағдыларын қалыптастыру.**(қайталау)** |
| | **Құрастыру** | **Құрылыс материалдарынан құрастыру:**<br>Ұжымдық құрастыруға қызығушылықты ояту, құрылыс жобасын бірлесіп ойластыру, құрасдастар арасында міндеттерді бөлісу,түрлі құрылымдық тәсілдерді қолдану,командамен бірге нәтижеге қол жеткізу,дайын ұүрылысты талдау.<br>**Табиғи қалдық материалмен құрастыру:**<br>Қазақ халқының табиғи материалдардан жасалған бұйымдарымен (ер- тұрман,киіз үйдің жабдықтары,әшекей бұйымдары), тұрмыстық заттармен (күбі, мес, келі, тостаған, ожау,астау,дермен) таныстыру, олардың қандай материалдан жасалғанын зерттеу. |
| | **Қоршаған ортамен таныстыру** | **Өсімдіктер әлемі.**<br>Өсімдіктер, оларға күтім жасау (жерді қопсыту, суару, жапырақтардың шаңын сүрту) туралы түсінікті дамыту.<br>Бақылау, эксперимент және еңбек ету барысында өсімдіктердің тірі тіршілік иелері екендігін, өсімдік тұтастығының мәнін, олардың өсуі үшін жер, топырақ, су, күн, жарық, ылғал, жылудың қажеттілігін анықтау.<br>Өсімдіктердің даму кезеңдері (тұқым, көшет, сабақ, жапырақ, гүл, тұқым) туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру.<br>Өсімдіктердің жіктелуі туралы түсініктерді кеңейту: жемістер, көгөністер, жидектер (орман, бақша), гүлдер (бөлме, бақша, шабындық), бұталар және ағаштар (бақша, орман).<br>Бөлме өсімдіктеріне және табиғат бұрышындағы жануарларға күтім жасау, адамның табиғатқа қамқорлық танытуының маңызы туралы білімдерін қалыптастыру. |
| | **Сурет салу** | Пішінін ескере отырып,ою –өрнекті орналастыру. Элеметтер бірізділігін, олардың арасындағы арақашықтықтарды сақтау, 2-3 элементтерді түсі мен пішіні бойынша ұлттық оюларды ашық түстермен кезектестіру дағдыларын қалыптастыру. Қазақ халқының сәнді қолданбалы өнері туралы білімдерін кеңейту. |
| | **Мүсіндеу** | Ұжымдық жұмысқа қатысады.<br>Ертегілер мен қоршаған өмір тақырыптарына қарапайым компазицияларын  құрастырады. **(қайталау)** |
| | **Жапсыру** | Ұлттық ою-өрнекті қолданып,тұрмыстық заттарды,ыдыстарды безендіреді.<br>Қазақ оюларының бөліктерінен, өсімдік  және геометриялық пішіндерден  өрнектер жасайды, оларды кезектестіріп ретімен желімдейді. **(қайталау)** |

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде 2022 - 2023 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалықжоспары**

Білім беру ұйымы №1 «Тополек» бөбекжай балабақшасы

Топ: ересек топ

Балалардың жасы: 4 жасар

Жоспардың құрылу кезеңі: сәуір айы, 2022-2023 оқу жылы.

| Айы | Ұйымдастырылған іс әрекет | Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері |
|---|---|---|
| **Сәуір** | **Дене шынықтыру** | **Негізгі қимылдар:**<br>**Жүру**. Қарқынды өзгертіп.<br>**Жүгіру.** Орташа жылдамдықпен жүруді кезектестіре отырып.<br>**Еңбектеу.** Құрсаудан еңбектеп өту.<br>**Лақтыру,домалату. Қағып алу:**<br>**Секіру.** Орнынан ұзындыққа (шамамен 70см)<br><br>**Ырғақтық жаттығулар:**<br>Таныс,бұрын үйренген жаттығуларды және қимылдарды музыкамен сүйемелдеу арқылы орындау.<br>**Спорттық жаттығулар**:<br>Велосипед тебу: екі немесе үш дөңгелекті велосипед тебу,оңға,солға бұрылу<br>**Қимылды ойындар:**<br>Қимылды ойындарда жетекші рөлді орындауға үйрету,ойын ережелерін саналы түрде сақтауға баулу.<br>**Дербес қимыл белсенділігі**:<br>Ауа райының жағдайын ескеріп, таза ауада балалардың қимылдарды орындауы үшін жағдайлар жасау.<br>**Салауатты өмір салтын қалыптастыру:**<br>Салауатты өмір салты туралы ұғымдарын кеңейту.Дене белсенділігі (таңертенгі жаттығу,шынықтыру,спорттық және қимылды ойындар) мен ұйқының қанық болуының пайдасы туралы түсінікті кеңейту.<br>**Сауықтыру-шынықтыру шаралары.**<br>Жылы күндері шөптің,құмның үстімен жалаң аяқ жүру,қимылдауға ыңғайлы, жеңіл киіммен желдетілген бөлмеде дене жаттығуларын орындау.Тыныс алу жолдарын шынықтыру.<br>**Мәдени- гигиеналық дағдылар**:<br>Тамақтану әдебін сақтау.Тамақты асықпай шайнау,асхана құралдарын (қасық,шанышқы),майлықты дұрыс қолдану,тамақтанып болғаннан кейін ауызды шаю.<br>**Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдылары:**<br>Бейнелеу әрекетінен соң құтыларды,қылқаламдарды жуу,үстелді сүрту. |
| | **Жүзу** | |

| | | |
|---|---|---|
| | **Сөйлеуді дамыту** | **Байланыстырып сөйлеу.**<br>Шығармалардың,ертегілердің қызықты үзінділерін қайталап айтуға үйрету.<br>**Шығармашылықпен сөйлеу қызметі.**<br>Театрландырылған әрекетке, драматизация ойындарына және қуыршақ спектакльдеріне, саусақ ойындарына балаларға түсінікті "қуыршақты жүргізу" техникасын қолдана отырып, қатысу ниеттерін дамыту.<br>**Шығармаларды қабылдау.**<br>Сөз және сөз ұйқастарына құрылған ойындарға қызығушылығын арттыру.<br>Кейіпкерлердің бейнелерін сомдауға қажетті дауыс ырғағы және тілдің қарқынын қолдану дағдыларын қалыптастыру, ұсынылған тақырып бойынша әңгіменің басы мен соңын құрастыруға үйрету. |
| | **Көркем әдебиет** | Сахналық қойылымдарға қатысуға, таныс әдеби шығармалар, ертегілер бойынша қарапайым қойылымдарды ойнауға, образды бейнелеу үшін мәнерлілік құралдарын (интонация, ым-ишара, қимыл) қолдануға үйрету. |
| | **Қазақ тілі** | **Сөздік қор:**<br>Кітаптан ертегілер,көркем шығармалар оқып беруде,олардың мазмұнын дұрыс қабылдауға,кейіпкерлеріне жанашырлық танытуға,кейіпкердің іс-әрекетіне өз ойын білдіруге баулу.<br>**Баланыстырып сөйлеу:**<br>Ойыншықтармен заттарды 4-5 сөйлеммен сипаттауға,берілген сурет бойынша оған дейінгі және одан кейінгі оқиғаны ойлап табуға баулу. |
| | **Математика негіздері** | **Жиын:**;<br>**Сан, санау:**қанша болды? Қанша қалды? Сұрақтарына жауап беру.<br>**Шама:** бірнеше затты өсу және кему ретімен орналастырып салыстыру.<br>**Геометриялық пішіндер:** сөйлеуде сын есімдерді қолданып,салыстыру нәтижелерін атау.(ұзындығы,ені,биіктігі,қалыңдығы бойынша тең)<br>**Кеңістікте бағдарлау:** заттардың өзіне қатысты орналасуын сөздермен белгілеу (менің алдымда үстел,сол жағымда орындық тұр) **(қайталау)**<br>**Уақытты бағдарлау:** Бүгін,кеше,ертең туралы ұғымдарын кеңейту.<br>тәулік бөліктерін (Таңертең, күндіз, кеш, түн ) ажырату және атай білу дағдыларын қалыптастыру.**(қайталау)** |
| | **Құрастыру** | **Құрылыс материалдарынан құрастыру:**<br>Ұжымдық құрастыруға қызығушылықты ояту, құрылыс жобасын бірлесіп ойластыру, құрасдастар арасында міндеттерді бөлісу,түрлі құрылымдық тәсілдерді қолдану,командамен бірге нәтижеге қол жеткізу,дайын |

| | | |
|---|---|---|
| | | құрылысты талдау.<br>**Табиғи қалдық материалмен құрастыру:**<br>Табиғи (мақта,жүн,жіп,асық,қағаз,тері,кенеп,мата,дәннін түрлері) және қалдық (қақпақтың түрлері,пластик,қораптар,кір қыстырғыштар) заттардан құрастыру. |
| | **Қоршаған ортамен таныстыру** | ***Жануарлар әлемі.***<br>Төрт түлік және оның төлдері (мінезіндегі ерекшеліктер, қозғалысы, қоректенуі, адамдарға пайдасы), оларға күтім жасаудағы ересектердің еңбегі туралы ұғымдарын кеңейту.<br>Жабайы аңдар, олардың сыртқы түрі, қозғалуы, тіршілік ету ортасы, азығы, қысқа бейімделуі туралы ұғымдарын байыту.<br>Бақылау барысында жануарлар әлеміндегі маусымға тән көріністерді: күзде – көбелектердің, қоңыздардың, кейбір құстардың болмауы, қыста - құстарды қоректендірудің қажеттігі, көктемде көбелектер, қоңыздардың пайда болуы, құстардың көбеюі, олардың сайрауы, шықылықтауы, шиқылдауы, ұя салуы, балапан шығаруы, жазда көбелектер, қоңыздар, инеліктер, құстардың көбеюін салыстыру, олардың тіршілік етуіне қажетті жағдайларды: азық, су, жылу, жарық, мекендейтін орнын анықтау.<br>Жәндіктер туралы (қоңыз, көбелек, шыбын, құмырсқа), қыстап қалатын және жыл құстары туралы ұғымдарын кеңейту. |
| | **Сурет салу** | Балаларды суреттерді қылқаламмен,қаламмен бояуды үйрету, заттарды бояуда сызбалармен жақпаларды бір бағытта жоғарыдан төменге немесе солдан оңға пішіннің шеткі сызығынан шықпай ырғықты түрде бояу.Қылқаламды үстінен баса отырып,жуан сызықтарды,ал қылқаламның ұшымен жіңішке сызықтарды жүргізу. |
| | **Мүсіндеу** | Қазақ халқының тұрмыстық заттарын мүсіндеуге қызығушылығын танытады. |
| | **Жапсыру** | Ұжымдық жұмытарды орындауға қатысады. Заттарды дайын пішіндердің көмегімен және өз бетінше ойдан қиып жапсырады. |

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде 2022 - 2023 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалықжоспары**

Білім беру ұйымы <u>№1 «Тополек» бөбекжай балабақшасы</u>
Топ: ересек топ
Балалардың жасы: 4 жасар
Жоспардың құрылу кезеңі: мамыр айы, 2022-2023 оқу жылы.

| Айы | Ұйымдастырылған іс әрекет | Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері |
|---|---|---|
| **Мамыр** | **Дене шынықтыру** | **Негізгі қимылдар:**<br>**Жүру**.<br>**Жүгіру.** 40-50 метрге.<br>**Еңбектеу.** Бөрене және гимнастикалық скамейкадан аттап өту.<br>**Лақтыру,домалату. Қағып алу:**<br>**Секіру.** Қысқа секіргішпен.<br><br>**Ырғақтық жаттығулар:**<br>Таныс,бұрын үйренген жаттығуларды және қимылдарды музыкамен сүйемелдеу арқылы орындау.<br>**Спорттық жаттығулар**:<br>Велосипед тебу: екі немесе үш дөңгелекті велосипед тебу,оңға,солға бұрылу<br>**Спорттық ойын элементтері**:<br>кегль ойындарына үйрету. Бастапқы қалыпта дұрыс тұрып, допты лақтыру. 1,5-2 метр арақашықтықтан кегльдерді қағып түсіру;<br>**Дербес қимыл белсенділігі**:<br>Ауа райының жағдайларын ескеріп, таза ауада балалардың қимылдарын орындауы үшін жағдайлар жасау.<br>**Салауатты өмір салтын қалыптастыру:**<br>Құлап қалған кезде өзіне қарапайым көмек көрсетуге,науқастанған кезде ересектерге жүгінуге баулу.<br>**Мәдени- гигиеналық дағдылар**:<br>Тамақтану әдебін сақтау.Тамақты асықпай шайнау,асхана құралдарын (қасық,шанышқы),майлықты дұрыс қолдану,тамақтанып болғаннан кейін ауызды шаю.<br>**Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдылары:**<br>Бейнелеу әрекетінен соң құтыларды,қылқаламдарды жуу,үстелді сүрту.<br>**Сауықтыру-шынықтыру шаралары.**<br>Жылы күндері шөптің,құмның үстімен жалаң аяқ жүру,қимылдауға ыңғайлы, жеңіл киіммен желдетілген бөлмеде дене жаттығуларын орындау.Тыныс алу жолдарын шынықтыру. |
| | **Жүзу** | |
| | **Сөйлеуді** | **Байланыстырып сөйлеу.** |

| | | |
|---|---|---|
| | **дамыту** | Бейтаныс заттар,құбылыстар,оқиғалар туралы ақпаратты талқылауға баулу.Ұсынылған сюжеттер бойынша қойылымдарды сахналауға үйрету.<br>**Шығармашылықпен сөйлеу қызметі.**<br>Театрландырылған әрекетке, драматизация ойындарына және қуыршақ спектакльдеріне, саусақ ойындарына балаларға түсінікті "қуыршақты жүргізу" техникасын қолдана отырып, қатысу ниеттерін дамыту.<br>**Шығармаларды қабылдау.**<br>Сөз және сөз ұйқастарына құрылған ойындарға қызығушылығын арттыру.<br>Кейіпкерлердің бейнелерін сомдауға қажетті дауыс ырғағы және тілдің қарқынын қолдану дағдыларын қалыптастыру, ұсынылған тақырып бойынша әңгіменің басы мен соңын құрастыруға үйрету. |
| | **Көркем әдебиет** | Еркін ойындарда таныс кейіпкерлердің образын сомдауға, оларды басқа қырынан көрсетуге (қатыгез-мейірімді, аққөңіл-салмақты) ынталандыру. |
| | **Қазақ тілі** | **Сөздік қор:**<br>Тыңдалған шығарма кейіпкерлерінің бейнесін сахналық қойылымдарда жеткізе білуге,еркін ойындарда кейіпкерлердің бейнесін басқа қырынан көрсете білуге мүмкіндік беру. |
| | **Математика негіздері** | **Жиын:**<br>**Сан, санау:** қанша болды? Қанша қалды? Сұрақтарына жауап беру.<br>**Шама:** бірнеше затты өсу және кему ретімен орналастырып салыстыру.<br>**Геометриялық пішіндер:** сөйлеуде сын есімдерді қолданып,салыстыру нәтижелерін атау.(ұзындығы,ені,биіктігі,қалыңдығы бойынша тең)<br>**Кеңістікте бағдарлау:** заттардың өзіне қатысты орналасуын сөздермен белгілеу (менің алдымда үстел,сол жағымда орындық тұр) **(қайталау)**<br>**Уақытты бағдарлау:** Бүгін,кеше,ертең туралы ұғымдарын кеңейту.<br>тәулік бөліктерін (Таңертең, күндіз, кеш, түн ) ажырату және атай білу дағдыларын қалыптастыру.**(қайталау)** |
| | **Құрастыру** | **Табиғи қалдық материалмен құрастыру:**<br>Шығармашылық қиялды дамыту,көрнекілікке сүйене отырып және құрастыратын материалдарды өз бетінше таңдап,ойдан құрастыруға мүмкіндік беру, ұқыптылыққа тәрбиелеу.Қәуіасіздік ережелерін сақтау.<br>**Табиғи қалдық материалмен құрастыру:**<br>Табиғи (мақта,жүн,жіп,асық,қағаз,тері,кенеп,мата,дәннін түрлері) және қалдық (қақпақтың түрлері,пластик,қораптар,кір қыстырғыштар) заттардан құрастыру. |

| | | |
|---|---|---|
| | **Қоршаған ортамен таныстыру** | **Балалардың жалпы қабылданған мінез-құлық ережелері мен нормаларын меңгеруіне ықпал ету.**<br>Қоғамдық орындардағы мінез-құлық ережелері туралы түсініктерді кеңейту. Қоғамдық көліктегі мінез-құлық мәдениеті дағдыларын қалыптастыру.<br>Балаларда мінез-құлық мәдениеті мен сыпайы қарым-қатынас негіздерін қалыптастыруды жалғастыру; амандасу, қоштасудың қажеттігі туралы еске салу, ересектердің әңгімесіне араласпау, өз өтінішін сыпайы түрде білдіру, көрсеткен қызметі үшін алғыс айту.<br>Қоршаған ортада және табиғатта қарапайым тәртіп ережелерін сақтау, қарапайым экологиялық білімдерін қалыптастыру және жануарлар мен өсімдіктерге күтім жасауға (өсімдіктерді қорғау, қыстап қалған құстарға жем беру) баулу.<br>Өз өмірінің қауіпсіздігінің қарапайым дағдыларын меңгеру (электр құралдарынан сақ болу, өз бетінше от жақпау, сіріңкемен ойнамау, терезенің алдына шықпау, баспалдаққа көтерілгенде және түскенде таяныштан ұстау ); қоршаған ортада, табиғатта қарапайым тәртіп ережелерін білу (қоқыс тастамау, өздігінен от жақпау). |
| | **Сурет салу** | Сурет салуда еңкеймей, арқаны тік ұстап, дұрыс, еркін отыруға, жұмыс орнын таза ұстауға, ұқыпты болуға, қауіпсіздікті сақтауға баулу. |
| | **Мүсіндеу** | Мүсіндейтін затты қолына алып, зерттейді оның өзіне тән ерекшеліктерін беруге тырысады.Мүсіндеуде қауіпсіздік ережелерін сақтайды. |
| | **Жапсыру** | Жапсыруда қауіпсіздік ережелерін сақтайды, жұмысты ұқыптылықпен орындайды. |